

«Шардара аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның
2-ші тоқсанда өткізілген жиналысының
Х А Т Т А М А С Ы

№3

Шардара қаласы

«26» маусым 2024 жыл

Төрағасы: Басшы - М.Сейтханов

Хатшылықта: Заңгер М.Б.Сулейменов

Қатысқандар: Шардара аудандық орталық ауруханасы басшысының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, аға дәрігерлер және орта буын қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен танысу, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақсатындағы ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.
2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі.

1. Жиналыста 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы түсіндірілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 2 ақпандағы жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын бекітілген. Құжатта ағымдағы жағдайға талдау жасалып, алдағы жылдарда шешілетін міндеттер айқындалған. Тұжырымдама зардаптармен күрестен сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге тұтастай алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлық экономикалық және беделі жағынан тиімсіз болатын жағдайларды жасауға бағытталған.

Осыған орай, тұжырымдаманың негізгі бағыттарын түсіндіру бойынша Шардара аудандық орталық ауруханасында жиыналыс өткізілді. Жиында аурухана басшысы М.Сейтханов, басшының орынбасары Н.Молдаханов сөз алып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жиын барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасында тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа назар аударылғандығы, әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша парақорлықтың үлкен үлесі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықпен байланысты екенін де атап өтіп, халық арасында пара беру жолының азаймағандығы туралы кеңінен сөз қозғалды. Ауруханаға келуші науқастардан ақша бопсалау немесе қандай да бір заңсыз төлемдерді ұсыну қажет болған жағдайда, еліміздің әрбір азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке колл-орталықтың 1424 телефон нөмірі бойынша жүгініп, өзінің азаматтық

борышын орындай алатындықтарын ескертілді. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді тетіктерді қалыптастыру бойынша жүйелі шаралар қабылданып жатқандығын жеткізді.

Сонымен қатар, қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлағаны үшін азаматтарды көтермелеудің сараланған жүйесі, сыбайлас жемқорлық субъектілерінің құрамы кеңейтілгендігі, пара бергені және паракорлыққа делдал болғаны, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін жауапкершіліктің қатандатылғандығы жөнінде толыққанды ақпарат айтылып өтті.

2. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының мақсаты еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төмен кепілдіктерін белгілеуге бағытталған құқықтық реттеу болып табылады.

Әркімнің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайлар мен тәртіптен басқа, ешкімнің еңбек саласындағы құқықтарына шек қойылмайды. Ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты немесе өзге де мән-жайлар бойынша ешқандай кемсітуге болмайды.

Еңбек саласында кемсітушілікке ұшырадым деп есептейтін адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа немесе өзге де орындарға жүгінуге құқылы екендігі айтып түсіндірілді.

Жиынға қатысушылар айтылған ескертпелерді толығымен қолдайтындығын және берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

Жиналыс төрағасы



М.Сейтханов

Хатшы: М. Сулейменов